

БЕКІТЕМІН:

ЖШС «Бану-Түркеш» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі
Б.С. Умирзакова



Жалпы ата-аналар жиналысының хаттамалары

2024-2025 оқу жылы

6.4. Жалпы ата-аналар жиналысы

Мақсаты: Білім мен тәрбие берудің бірегей кеңістігін құру, отбасы мен балабақшаның ынтымақтастығын жетілдіру

	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	Күн тәртібі : 1. ЖШС «Бану-Түркеш» бөбекжай балабақшасының 2024-2025 оқу жылының мақсаттары мен міндеттерімен таныстыру. 1. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы жөнінде түсіндірме жұмысы 2. Ата-аналар комитетінің құрамын сайлау 3. Ата-аналарды толғандыратын әртүрлі мәселелер	Қыркүйек 2024 ж	Меңгеруші Ата-аналар комитеті
2	Күн тәртібі: 1. Балалар ауруларды алдын ала ескерту жөнінде медбикенің есеп беруі. 2. Ересек, мектепке даярлық топтардың диагностика өткізу жөніндегі нәтижелері 3. Жазғы сауықтыру шараларының жоспарымен таныстыру 4. Балабақшаның оқу-тәрбие жұмыстарына ата-аналардың ой-пікірі	Мамыр 2025 ж	

ЖШС «Бану-Түркеш» бөбекжай балабақшасы

Жалпы ата-аналар жиналысының №1 хаттамасы

Күні: 19.09.2024

Күн тәртібінде:

1. ЖШС «Бану-Түркеш» бөбекжай балабақшасының 2024-2025 оқу жылының мақсаттары мен міндеттерімен таныстыру.
- 2.«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы жөнінде түсіндірме жұмысы
- 3.Ата-аналар комитетінің құрамын сайлау
- 4.Ата-аналарды толғандыратын әртүрлі мәселелер

Күт тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі ата-аналарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып,күн тәртібінде қаралатын мәселелермен тасыстырылды.

2024-2025 оқу жылының жылдық жоспары 7 бөлімнен тұрады. 2024-2025 жаңа оқу жылындағы жұмыстардың негізгі бағыттары мектепке дейінгі тәрбиеде балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру мен балалардың мектепке дейінгі тәрбиеде қарым-қатынас ептілігіне тәрбиелеу болып табылады.

2024-2025 оқу жылына Мектеп жасына дейінгі баланың жалпы адамгершілік құндылықтарын танып, біліп, меңгеру нәтижесінде баланың жеке тұлғасын, ішкі жан дүниесін қалыптастырып, тілін жетілдіріп, өзін – өзі тануы арқылы қоршаған ортаға деген көзқарасын дамыту мақсатында :

- баланың өмірін сақтау және денсаулығын нығайту, толыққанды дене бітімін дамыту, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.
 - Рухани-адамгершілік тәрбие мазмұнын қарапайым сүйіспеншілік, денсаулық, достық, бақыт сияқты құндылықтарға баулу.
 - Баланың өз бойындағы жақсы қасиеттері негізінде жаман әдеттерден бойын аулақ ұстауға үйрету.
 - Күнделікті бірлесе атқаратын іс – қимылдар барысында балалардың бойында қоршаған орта құбылыстарымен адамгершілік қарым – қатынас жасау міндеті алынды.
- Жылдық жоспарда осы міндеттерді шешу мақсатында жұмыстар жоспарланған.

Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Абдилдаева А.А. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы жөнінде түсіндірме жұмысын жүргізді

«БІРТҮТАС ТӘРБИЕ» БАҒДАРЛАМАСЫ

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ:

Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ:

- Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу;
- Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту;
- Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру;
- Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау.

Умирзакова Б.С.